

Еуразиялық даму банкінің облигациялары

Банк KASE-де АҚШ долларындағы 3 жылдық облигацияларды орналастыруды жоспарлап отыр

Облигация шығарылымының параметрлері	
Облигация түрі	Купондық облигациялар
Шығару көлемі	200 млн АҚШ доллары
Номиналдық құны	1 АҚШ доллары
Қамтамасыз ету	Жоқ
Өтеуге кірістілігі*	3 жылдық АҚШ МБҚ кірістілігі + спрэд 2%
Купондық мөлшерлеме түрі*	Тіркелген
Купонды төлеу	жылына 2 рет
Айналыс мерзімі	3 жыл
S&P-ден кредиттік рейтинг	16.11.2022 жылғы «BBB-»
Алдын ала орналастыу күні	2023 жылғы 20 наурыз 2

Купонның кірістілігі мен мөлшерлемесі сауда саттық күні анықталады




Еуразиялық Даму Банкі (ЕАДБ немесе Банк) Банкке қатысушы елдерде тұрақты экономикалық дамуды қолдау мақсатында өз қызметін 17 жылдан астам жүзеге асыратын халықаралық қаржы ұйымы болып табылады

- ЕАДБ инвестициялық портфелі 94 жобадан тұрады, негізгі салалары – тау-кен өнеркәсібі, қаржы секторы, көлік және энергетика. ЕАДБ-ның 17 жылдағы жұмысы бойынша инвестицияларының жалпы көлемі 13,4 млрд USD құрады.
- Банк өз акционер елдерінің: Ресей (44,8%), Қазақстан (37,3%), Беларусь (5,2%), Тәжікстан (4,3%), Армения (4,2%) және Қырғызстан (4,2%) тарапынан толық қолдауға ие.
- ЕАДБ АҚШ, Еуропалық Одақ немесе Ұлыбританияның санкциялар тізіміне енгізілмеген. Банктің шетелдік контрагенттермен және шетел валютасымен жасалатын операцияларына шектеу қойылмаған.
- ЕАДБ - жергілікті және шетелдік капитал нарықтарының белсенді қатысушысы. Осы уақытқа дейін Банк 8 млрд-тан астам USD тартып, мінсіз несие тарихына ие болды.


Инвестициялық портфель (млрд USD)



Пассивтер құрылымы (млрд USD)



Таза пайыздық кіріс пен маржа (млн USD)



Дереккөз: ЕАДБ деректері, Фридом Финанс есептеулері

Бөлшек инвесторлар үшін бірегей ұсыныс

- Бұл облигациялар депозитке қарағанда сенімдірек – ЕАДБ-ның S&P Global Ratings берген кредиттік рейтингі кез келген жергілікті коммерциялық банктің рейтингінен жоғары, табыстылығы АҚШ долларындағы банк депозиттері бойынша мөлшерлемелерден едәуір жоғары.
- Купон мөлшерлемесі өтеуге кірістілікке тең болады және орналастыру күні келесі формула бойынша анықталады: 3 жылдық АҚШ МБҚ кірістілігі + 2% спрэд.
- ЕАДБ облигациялары барлық алдыңғы шығарылымдар сияқты KASE-дегі МБҚ себетіне қосылады деп болжануда. Бұл ЕАДБ облигацияларын ұстаушыларға оларды KASE-дегі РЕПО мәмілелеріне салуға мүмкіндік береді.

Жоғары кредиттік қабілеттілік S&P берген BBB- халықаралық инвестициялық рейтингімен расталды

- ЕАДБ 2022 жылы инвестициялық портфельдің өсуін көрсетті, ол сол кезеңде таза пайыздық кірістің 42% - ға өсуіне ықпал етті.
- Активтердің сапасы 2022 жылдың аяғындағы баланстық инвестициялық портфельдің 0,3%-мен NPL 90 + үлесімен жоғары деңгейде қалып отыр. Банк мерзімі өткен берешекті 100% - дан астам өтеумен резервтерді есептеуге консервативті тәсілді қолданады.
- Акционер елдердің сөзсіз қолдауы және мықты қаржылық көрсеткіштер ЕАДБ-ға ағымдағы және болашақ міндеттемелер бойынша еш қиындықсыз жауап беруге мүмкіндік береді.

ЕАДБ қаржылық көрсеткіштері

Пайда мен залал туралы есеп, млн USD	2020	2021	2022
Пайыздық кірістер	269	267	359
<i>оның ішінде берілген қарыздар бойынша пайыздық кірістер</i>	<i>141</i>	<i>138</i>	<i>141</i>
Пайыздық шығыстар	(198)	(197)	(259)
Таза пайыздық кіріс	70	70	100
Таза пайызсыз кіріс	22	33	173
Күтілетін кредиттік залалдарға резерв қалыптастыру	(16)	(13)	(193)
Таза операциялық пайда	77	90	79
Операциялық шығындар	(44)	(53)	(57)
Басқа кірістер / (шығыстар)	(0,0)	-	7,9
Таза пайда	33	37	31

Баланс, млн USD	2020	2021	2022
Ақшалай қаражат	664	430	1 279
Инвестициялық портфель ⁽¹⁾	2 986	2 989	3 436
Қазынашылық портфель	1 676	1 969	3 412
Басқа активтер	274	420	302
Барлығы активтер	5 600	5 808	8 429
Банктерден қарыздар	1 560	1 617	3 165
Клиенттердің салымдары	392	285	308
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	1 720	1 970	3 030
Басқа міндеттемелер	46	76	89
Барлығы міндеттемелер	3 718	3 947	6 592
Меншікті капитал⁽²⁾	1 882	1 861	1 836

Коэффициенттер	2020	2021	2022
Резервтер / Кредит портфелі	2,5%	2,7%	4,8%
Мерзімі 90 күннен асатын мерзімі өткен кредиттердің үлесі(NPL 90+)	0,8%	0,7%	0,3%
Меншікті капитал / активтер	34%	32%	22%
Қаржылық қарыз / активтер	59%	62%	74%
Таза пайыздық маржа	1,3%	1,2%	1,2%

Дереккөз: ЕАДБ деректері, Фридом Финанс есептеулері

- 1) Клиенттер мен банктерге берілген қарыздар бойынша берілген, өтелмеген, Банк балансы активтерінің шоттарында ескерілетін қаражат, сондай-ақ борыштық және үлестік құралдарға инвестициялар және Банктің инвестициялық портфеліне кіретін жобалар бойынша тікелей инвестициялар қорларына қатысу.
- 2) Банктің капиталы төленген капиталдан (1,5 млрд USD) және талап етілгенге дейінгі капиталдан (5,5 млрд USD) тұрады. Талап етілгенге дейінгі Капитал, егер Банк өзінің борыштық міндеттемелерін орындай алмаса, шұғыл қаржыландыруды қамтамасыз етуге арналған. Қатысушы мемлекеттердің мұндай капиталды талап етілгенге дейін бергені үшін жауапкершілігі олардың ЕАДБ-дағы қатысу үлесіне пропорционалды болып табылады.

© 2023 «Фридом Финанс» АҚ. Барлық құқықтар қорғалған.

Бұл құжатты «Фридом Финанс» АҚ дайындаған. «Фридом Финанс» АҚ осы құжаттағы кез келген мәліметтерді тәуелсіз тексеру үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді. «Фридом Финанс» АҚ осы құжаттағы ақпараттың дұрыстығына немесе толықтығына немесе олқылықтарына қатысты нақты айтылған немесе болжанған мәлімдемелер немесе кепілдіктер жасамайды және ұсынбайды. Бұған қоса, «Фридом Финанс» АҚ мұндай ақпараттан, ондағы қателіктер мен олқылықтардан туындауы мүмкін кез келген жауапкершілікті анық жоққа шығарады.
